

Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2022 жылға арналған шекті мәндерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Шымкент қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 583 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 18 сәуірде № 27607 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының "Сауда қызметін реттеу туралы" Заңының 8-бабына, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 117-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының "Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті мәндерін және оларға бөлшек сауда бағаларының шекті рұқсат етілген мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 30 наурыздағы № 282 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11245 болып тіркелген) сәйкес, Шымкент қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2022 жылға арналған шекті мәндері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оның ресми жарияланғанынан кейін Шымкент қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Шымкент қаласы әкімінің орынбасары А.Б. Сәттібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шымкент қаласының әкімі

М. Айтенов

Шымкент қаласы әкімдігінің
2022 жылғы 14 сәуірдегі № 583
Қаулысына қосымша

Шымкент қаласы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының 2022 жылға арналған шекті мәндері

№	Тауарлар атауы	Бірінші тоқсан (теңге)	Екінші тоқсан (теңге)	Үшінші тоқсан (теңге)

1	Тазартылған күріш (домалақ дәнді, өлшеніп салынатын), килограмм	303	317	327
2	Бірінші сортты бидай ұны, килограмм	176	175	181
3	Қарақұмық жармасы (дән, өлшеніп салынатын), килограмм	539	571	621
4	Бірінші сортты ұннан жасалған бидай наны (пішінді), килограмм	166	172	174
5	Рожки (өлшеніп салынатын), килограмм	291	276	292
6	Сиыр еті (сүйекті жауырын-төс бөлігі) , килограмм	2262	2303	2554
7	Тауық еті (сан сүйек және іргелес жұмсақ еті бар сан жілік), килограмм	1003	1029	1080
8	Пастерленген сүт, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада, литр	255	255	262
9	Айран, майлылығы 2,5 %, жұмсақ қаптамада, литр	256	256	254
10	Сүзбе: майлылығы 5-9 %, килограмм	1828	1853	1849
11	Тауық жұмыртқасы (I санатты), 10 дана	331	311	318
12	Сары май (тұздалмаған, майлылығы кемінде 72,5 % толықтырғыштар және өсімдік майлары жоқ), килограмм	2456	2435	2427
13	Күнбағыс майы, литр	757	804	834
14	Ақ қауданды қырыққабат, килограмм	144	91	129

15	Басты пияз, килограмм	89	121	85
16	Асханалық сәбіз, килограмм	163	261	184
17	Картоп, килограмм	149	191	153
18	Ақ қант - құмшекер, килограмм	326	323	314
19	Ас тұзы ("Экстра" - дан басқа), килограмм	47	46	45

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК